

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МКК  
ХАТТАМАСЫ**

«12» шілде 2023 ж.

Қазығұрт ауылы.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Қазығұрт аудандық орта ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мәжіліс залында сағат 10:00-де 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы бойынша тиісті шаралар туралы жиналыс өткізілді.

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының басшының орынбасары м.а. С.Рысбаев төрағалық етіп, басшының орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім меңгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер және аға мед. бикелермен мейірбикелер қатысып ақпараттық-түсіндіру шаралары өткізілді.

Баяндаушы комплаенс офицері К.Алишева

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі»** (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы)

2. **«Квзимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже»** (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы);

Күн тәртібіне сай баяндаушы К.Алишева төмендегіше түсіндіріп өтті. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі** бойынша 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабында козделген: **16-бап. Кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары.**

1. Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша: 1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу; 2) адал баскелестік қағидаттарын сақтау; 3) мүдделер қақтығыстарын болғызбау; 4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау; 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау; 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.

2. Кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

3. Квзимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы ұйымның және оның жумыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам 0 мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квзимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан

тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің құзыреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен хелісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді. Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құруға құқылы. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығына сай жүргізіледі:

### **Жалпы ережелер**

1. Осы квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже (бұдан әрі Үлгілік ереже) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі Заң).
2. Осы Үлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың максаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайды.
3. Квазимемлекеттік сектор субъектілері өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Үлгілік ережені ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы ережені бекітеді.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.
5. Осы Үлгілік ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
  - 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
  - 3) мүдделер қақтығысы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;
  - 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
  - 5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі; 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін

әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;  
7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үндестіруді, ак сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

6. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады. Бұл ретте, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшені немесе жауапты тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы айқындалады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де русс басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

11. Егер Заңмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Үлгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органы, көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітеді

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру; 3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету; 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету; 5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету; 14. Квазимемлекеттік сектор субъектісі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі; 2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі; 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы; 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі; 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі; 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру; 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратып мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді: квазимемлекеттік сектор жемқорлыққа қарсы іс-қимылының

субъектісінің сыбайлас саясаты квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық; квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары; квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат

2) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, ондеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады:

3) "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Торағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді уйлестіреді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады; 5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады:

- 6) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
  - 7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
  - 8) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;
  - 9) квазимемлекеттік сектор субъектісінің ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
  - 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;
  - 11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы (с-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг эзірлейді және жүргізеді;
  - 12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісін жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
  - 13) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
  - 14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
  - 15) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы қатысады өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады ;
  - 16) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
  - 17) квазимемлекеттік сектор құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
  - 18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тындайды;
  - 19) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;
  - 20) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;
  - 21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды
16. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (о болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен көрсетілген органдар

- болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады ж оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындайды.
17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің бастысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.
18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша квазимемлекеттік сектор басшысының шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің оған да шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.
19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары МСН жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын құжаттармен айқындалады және оларды квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітеді.
20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесіне, байқлу ісіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына ұсыныс береді.
21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.
22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.
23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шеңберінде: 1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады; 2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды; 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді; 4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді; 5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді; 6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады; 7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінің квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың

болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады:

24. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет: 1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттын. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды; 2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүтінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді; 3) квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал корсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді; 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды; 5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді; 6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды,

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне: 1) жадығы ш олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға; 2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданаты әрекетке қатысуға; 3) купия ақпаратты жеке мүддетте пайдалануға; 4) і нормаларын бузуга; 5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қмет тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау көрсетілетін қызметтерді пайдалануға; 6) мүдделер қактығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс- шараларға қатысуға болмайды.

26. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылығы:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, опын максаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу; 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық- техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды жұмыстарды, қорсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыппен дұрыстық негізінде құрылады.

28. Квзимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне келесідей жәрдемдеседі: 1) осы Үлгілік ереженің 14-тармағы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерімен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну; 2) анықта тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау; 3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі** 29. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қы квзимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыз жөніндегі уәкілетті органа жібереді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша квзимемлекеттік сектор субъектілеріне қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.

30. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квзимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесіне, байқду кеңесіне (од болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсіз басқару органына көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квзимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына мерзімді түрде есеп береді. Квзимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы трактимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туынд сыбайлас жемқорлыққа қарсы компласне-қызмет Заңының 24-бабы 1-тарм уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.


Жоғарыдағы аталғандардың негізінде қортындылай келе, медициналық ұйым басшысы, орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім меңгерушілері, дәрігерлер және аға мейірбикелермен орта буын қызметкерлерінің тағы басқа да қызметкерлердің жауқершілігімен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы жылы 18 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» № 410-V Заңын басшылыққа ала отырып, басқарып отырған мекеменің жалпы жүйесінде өз құзыреті шегінде талаптарын орындап, онда көзделген талапты қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне көмектесуге міндетті.

Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ қабылданған шектеулерді мүлтіксіз сақтау және бұзу фактілеріне жол бермеу туралы нұсқау берілді. Сонымен бірге, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте көзделгендігі туралы барлық

медицина қызметкерлерімен тансытырылды.

Бандамашыға сұрақтар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Мәжіліс төрағасы:

 С. Рысбаев

Хатшы: кадр маманы

 А. Досова



12.07.2023г. Сайыплас жемгормингүзү  
 репорт компаниясы турмуш байлам  
 жемгормингүзү ретиндеги турмуш.

№	А.Ж.Т.	Мекеме атауы, кызметі	Колы
1.	Росбаев С.Ж.	Заманбап чакы	[Signature]
2.	Мамбетова Б.	Карагач Б.И.К.О.	[Signature]
3.	Мамбетов А.	Карагач Б.И.К.О.	[Signature]
4.	Мамбетов А.	М.Б.А.З.А.О. Б.И.К.О.	[Signature]
5.	Мамбетов А.	М.Б.А.З.А.О. Б.И.К.О.	[Signature]
6.	Жумиев А.	Кавт.И.О.А.Д.И.К.О.	[Signature]
7.	Мамбетов Р.У.	Кавт.И.О.А.Д.И.К.О.	[Signature]
8.	Курманова М.	Сенди ОА акционер	[Signature]
9.	Алиев А.	Турмуш Б.И.К.О.	[Signature]
10.	Мамбетов Т.	Кавт.И.О.А.Д.И.К.О.	[Signature]
11.	Мамбетов С.	Кавт.И.О.А.Д.И.К.О.	[Signature]
12.	Мамбетов И.	Кавт.И.О.А.Д.И.К.О.	[Signature]
13.	Ракимов Б.С.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
14.	Жумиев А.А.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
15.	Карагач Р.И.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
16.	Самиев А.Б.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
17.	Мамбетова Л.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
18.	Мамбетов Д.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
19.	Мамбетов И.И.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
20.	Алиев Н.М.	Мамбетов И.И.К.О.	[Signature]
21.	Мамбетов И.	Акционер И.И.К.О.	[Signature]
22.	Мамбетов С.С.	Мамбетов И.И.К.О.	[Signature]
23.	Мамбетов Г.У.	М.Б.А.З.А.О. Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
24.	Мамбетов Д.	А.Б.И.К.О. Акционер	[Signature]
25.	Мамбетова А.	Абай ОА. Мамбетов	[Signature]
26.	Мамбетов И.	Мамбетов	[Signature]
27.	Мамбетов И.	М.Б.А.З.А.О.	[Signature]
28.	Мамбетов Д.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
29.	Мамбетов И.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
30.	Мамбетов И.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
31.	Мамбетов И.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
32.	Мамбетов И.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
33.	Мамбетов И.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
34.	Мамбетов И.	Карагач ОА Акци. Б.И.К.О.	[Signature]
35.	Мамбетов И.	Б.И.К.О. Карагач М.Б.А.З.А.О.	[Signature]
36.	Мамбетов И.	Мамбетов	[Signature]
37.	Мамбетов И.	Карагач Мамбетов	[Signature]
38.			
39.			
40.			
41.			
42.			
43.			